

## 2023-2024 оку жылындағы 9 «Б» сыныбының тәрбие жұмысын талдау есебі

Сынып ұжымындағы тәрбие жұмысы сан алуан: бұл қоғамдағы және ұжымдағы, отбасы мен мектептегі тәрбие, тәрбие үдерісіндегі тәрбие.

Өскелен жас үрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелу – барлық кезеңде өзекті. Біздін келешегіміз – жас үрпақ, ал үрпақ тәрбиесі адамзаттың мәнгілік тақырыбы. Ел ертені болар бүтінгі балалар мен жасөспірмдерді тәрбиелу, әлеуметтік тұргыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен занды мұдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, үрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»-дей келе, Әділетті Қазақстанның құру үшін: бұкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сінірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсietін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сактауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абырайлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастырын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамактану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МУДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мудде құндылығы:** - Қазақстан мемлекет тілігін нығайтуға ат салысу; - Қазақстанның онтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мұддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінкызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәрілтеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын күрметтейді - Ұлттық миравы, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын колдау; - Адал енбекті күрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адап болу; - Халқына адап қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім кабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне камкор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге күрмет көрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардың үлгерілетеу; - Дұрыс қарым-қатынас ортасындағы білу; - Уақыт пен каржынытімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығын сақтайты; - Дұрыс тамактану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайты; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденимпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

«Оқуға құштар мектеп»

«Балалар және театр»

«Еңбегі адап жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)

«Ұшқыр-ой аланы»

«Жеткіншектің жеті жарғысы»

«Ұлттық мектеп лигасы»

«Ғаламтор қауіпсіздігі»

«Төрт тоқсан-төрт өнер»

«9 ай- 9 іс-шара»

«Ата-аналар мектебі»

Отken жылы сыннып жетекшісінің жоспары бойынша 34 тақырыптық сыннып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттары әртүрлі тақырыптарда болды және баланың жеке басын дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, сыннып жетекшісімен жол қозғалысы ережелері мен балалардың өмір қауіпсіздігі туралы әңгімелер жүргізілді.

Пән мұғалімдерімен оқушылардың үлгерімі, тәрбиесі, сабактағы белсенділігі, оқушылардың ауызша және жазбаша үй тапсырмасын орындауды мәселелері бойынша жүйелі түрде әңгімелесу жүргізілді.

### **Сынып ұжымын дамыту**

9 «Б» сынып ұжымы ұйымшыл деп санаймын. Ұзілістерде білім алушылар белсенді, әртүрлі тақырыптарда әңгімелеседі, бір-біріне қолдау көрсетеді, жанашырлық танытады, көмектеседі, туындаған барлық жанжалдар бірден шешілді. Басқа сынныптастарымен қарым-қатынас біркелкі, оқшауланған оқушылар жок. Сыныпта "тәуекел тобындағы" оқушы жок.

### **Отбасымен педагогикалық қарым-қатынас**

4 ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша жеке консультациялар ұйымдастырылды.

Барлық ата-аналар жиналыстарға қатысты.

Ата-аналармен жеке әңгімелесу негізінен барлық балалардың ата-аналарымен жақсы қарым-қатынаста екенін көрсетті.

### **Қорытынды**

Жалпы, 9 «Б» сынныптағы тәрбие жұмысы жан-жақты болды. Сыныптағы сынныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмыстарын талдау оқу жылы ішінде оқушылармен сынныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыруды, сыннып ішінде жұмыс істеуде, ата-аналармен жұмыс істеуде он тәжірибе жинақталғанын көрсетті. Педагогикалық жетістіктер мен табыстарды бастамашылық пен дербестікке, жауапкершілік пен шығармашылыққа тәрбиелеу деп санауга болады.

Сыныптағы тәрбие жұмысының перспективалық мақсаттары:

1. Оқушылардың танымдық белсенділігі мен оку іс-әрекетіне деген ынтасын сақтау.
2. Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын ұстануға деген құштарлықты тәрбиелеу, бұл құштарлықты әрбір оқушының ішкі қажеттілігіне қарай дамыту.
3. Оқушылардың қоғамдық белсенділігін дамыту, жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
4. Оқушылардың мамандықты саналы түрде тандауға дайындығын қалыптастыру.

Сондай-ақ алдымға мақсат қоямын ата-аналар жиналыстарына ата-аналардың жүз пайыз қатысуына қол жеткізу, оқушылардың сабакқа келмеуін, үй тапсырмасын орындаудың қатаң есепке алу, сынып ұжымын біріктіру жұмыстарын жалғастыру.

Сынып жетекшісі: *Бекмурзаева Г.А.*